

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки
Республики Казахстан**



Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шымкент қ.

2017 жылғы 3-4 қараша

Баспасөз хабарламасы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» республикалық шығармашылық фестивалі өткізіледі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен 2017 жылғы 3-4 қарашада «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» республикалық шығармашылық фестивалі өткізіледі.

Фестивальдің мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру.

Фестивальді өткізу балалар мен жастардың шығармашылық дүниетанымын қалыптастыруға, балалар және жастар аудиториясына бағытталған кинофильмдерді жасауға (ойын, анимациялық, деректі) қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ ақпараттық кеңістікті дамытуға жағдай жасайды.

Фестиваль балалар мен жастар ұжымын дамытуға және қолдауға, балалар мен жастар үшін шығармашылық қарым-қатынас жағдайын жасауға бағытталады.

Фестиваль қатысушыларына кәсіби кино өнері қайраткерлерімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Фестиваль аясында балалар мен педагогтерге арналған шеберлік сыныптар мен шығармашылық кештер ұйымдастырылады.

Фестивальге облыстық, Астана және Алматы қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары - жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады (160 қатысушы).

Фестивальдың қатысушылары кез-келген жанрдағы қысқа метражды фильмдерді және шығармашылық шешімі бар деректі, анимациялық және ойын кино, әлеуметтік ролик, музыкалық фильмдерді ұсынады.

Фестиваль жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонмен хабарласуға болады:
+7 (7172) 249 312 e-mail: **irumcdo@mail.ru**.

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz